

**Кеңес төрағасы Б.Қ. Байбектің
Жалпы Жиналыстағы
сөйлеген сөзі,
2012 жылғы 15 желтоқсан**

2008 ж. «Болашақ» қауымдастығының жаңа Жарғысы қабылданды, басқарудың корпоративті қағидаттары енгізілді, өтініш берушілік мүшелік және міндетті мүшелік жарналары енгізілді. Қазіргі сәтте Қауымдастықтың 789 мүшесі бар.

2008 жылы ашық сайлау жолымен 15 адамнан тұратын Қауымдастықтың Кеңесі сайланды, 2010 жылғы маусымда Кеңеске қосымша сайлау өтті. Жалпы жиналыс құрамында 5 адамы бар Тексеру комиссиясын бекітті.

Алматы қ, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Ақмола облыстарындағы филиалдар тұрақты негізде жұмыс істейді.

Қауымдастықтың Атқарушы хатшылығы қалыптастырылды, хатшылықтың штаты 11 адамды құрайды. 10 адам Қауымдастықтың филиалдарында жұмыс істейді. Атқарушы органдарының жұмысы тиісті материалдық-техникалық базамен (кеңселер, ұйымдтехника, құралдар және материалдар) қамтамасыз етілген.

Қауымдастықтың жалпы бюджеті 2012 жылы 48 млн. астам теңгені құрады, бұл 2008 жылғы бюджеттен 17 есе көп (қосымша).

2008 ж. бастап 2012 ж. қоса алғанға дейін Қауымдастық 400-ден астам іс-шара өткізді. Қауымдастық "Болашақ" стипендиясы түлектерінің сараптамалық қызметін күшейту, корпоративтік байланыстарын нығайту, қайырымдылық қызметін жандандыру бағытын ұстанады.

Жаңа www.bolashak.kz ақпараттық-талдамалық порталы әзірленді, онда 2 333 адам тіркелген, орташа айлық енуі – 11500 бірегей пайдаланушы, көруі - 40 мыңнан астам. 2011 жылы Қауымдастық сайты AWARD.kz конкурсында екінші орын алды.

2008 жылдан бастап Қауымдастық жыл сайын түлектердің «Болашақ: әлеуетті іске асыру» Форумдарын өткізіп келеді. Форумның аясында тұрақты түрде «Болашақ» бағдарламасы түлектерінің зияткерлік, шығармашылық, жеке тұлғалық әлеуетін іс жүзінде іске асыру мақатымен Бос орындар жәрмеңкесі өткізіледі. 2009, 2010 және 2012 жылдардағы Бос орындар жәрмеңкесінің қорытындылары бойынша іс-шараларға қатысқан түлектердің орташа есеппен 20%-ы жұмысқа орналастырылды.

Бүгінгі күнде «болашақтықтар» жоғары мемлекеттік орындардан көрінуде.

Ғабидолла Әбдірахымов – Бәсекелестікті қорғау агенттігінің төрағасы.

Қуандық Бишімбаев – «Самұрық Қазына» ҰАҚ» АҚ басқармасы төрағасының орынбасары.

Әнуар Омарходжаев – ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының Хатшылық меңгерушісі.

Азамат Әбдімомынов – ҚР Президенті Әкімшілігі Стратегиялық әзірлемелер және талдау орталығының меңгерушісі.

Қаныш Төлеушин және Мәдина Әбілқасымова – вице-министрлер.

Әнуар Ахметжанов, Алтай Күлгінов, Арын Орасариев және Сапарбек Тұяқбаев – облыстар әкімдерінің орынбасарлары.

2009 жылдан бастап бағдарлама түлектері білімдерінің трансферті мақсатында қазақстандық жастардың зияткерлік және инновациялық әлеуетін дамыту жөніндегі жыл сайынғы өңірлік семинарлар сериясы - «Болашақ – жастар үшін» жобасы іске қосылды. Семинарларға жас мамандар, студенттер, мектеп оқушылары қатысады.

2011 жылдан бастап Қауымдастық мемлекеттік тілді дәріптеу мақсатында голливуд картиналарын қазақ тілінде дубляждау жөніндегі жобаны іске асыруда. «Көліктер-2» «Қара киімді адамдар», «Батыл жүрек», «Жаңа Өрмекші адам» тәрізді

картиналар дубляжданды. Жобаны іске асыру үшін демеушілік қаражаты тартылды. Қауымдастық «Уолт Дисней» компаниясынан алғыс хат алды.

2012 жылғы наурызда «Болашақ» бағдарламасы түлектерінің тағдырлары арқылы жас мемлекеттің қалыптасуы туралы әңгімеленетін «Болашақ үшін» («Армандастар») көркем фильмі жарыққа шығарылды.

2011 жылы Қауымдастық ғылыми-ғажайып ой-қиялдарын дамытуға қосқан үлесі үшін берілетін «Байқоңыр» Қоғамдық сыйлығын бекітті. Сыйлық аясында таңдаулы ғылыми-ғажайып әңгімелерге Республикалық және Халықаралық әдеби конкурстары өткізілді. Жалпы алғанда Қазақстанның болашағы туралы 1000-нан астам әңгіме жиналды, соның ішінде Москвадан, Қазаннан, Дубайдан. Қиял-ғажайыпшылар мен футурологтардың I Халықаралық Конгресі өткізілді. Қазақстандық заманауи «Байқоңыр» қиял-ғажайыбының бірінші жинағы шығарылды.

«Болашақ» бағдарламасы түлектерінің сараптамалық әлеуетін арттыру мақсатында Қауымдастықта бірнеше сараптамалық топтары: мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі «Ашық ой», бизнес-стартаптар бойынша «Smart Start» тобы, өмір сүру жайлылығы деңгейін арттыру жөніндегі «Жерұйық» тобы, Казнетті дамыту жөніндегі «IT-Friday» тобы құрылды және ойдағыдай жұмыс істеуде. Заң тобы 2010 жылы «Болашақ» консалтингтік тобы» ЖШС-не ауыстырылды.

2012 жылы Қауымдастық қазақстандық жоолардың экономикалық мамандықтары бойынша 3-4 курстарының студенттері арасында «Жас сарапшы – 2012» республикалық конкурсын өткізді. Конкурстың мақсаты – ҚР жоолары түлектерінің даярлық деңгейін жоғарылату, студенттерді мамандығы бойынша пәндерін неғұрлым тереңірек зерделеуге мүдделендіру. Конкурсқа ҚР 40 жоосынан 234 студент қатысты.

2012 жылы Қазақстанның шетелдік студенттер ұйымдарының I Слеті болып өтті. Іс-шара шетелде оқып жатқан 500-ден астам қазақстандық студенттің басын қосты.

2011 жылы «Болашақ» корпоративті қайырымдылық қоры бекітілді. Қор жалпы алғанда балалар үйлерінің, интернаттық мекемелерінің 2500 тәрбиеленушісі және табысы жағынан аз қамтылған отбасыларының балалары мен 300 ардагер үшін 82 қайырымдылық іс-шарасынан тұратын 6-дан астам ірі акция өткізді. Ағымдағы жылғы 7 желтоқсанда V Қысқы қайырымдылық балы өткізілді. Одан түскен қаражат елдің колледждерінде, жооларында оқып жатқан «SOS Балалар ауылы Астана» тәрбиеленушілерінің төлеміне және «SOS Балалар ауылы Астана» аумағындағы жазғы коньерт алаңы құрылысына бағытталады.

Өткізілген іс-шараларының сапасы мен өзектілігіне мемлекеттік органдар тарапынан да, сондай-ақ үкіметтік емес сектор тарапынан да ризашылық білдірілді.

2009 жылы «Болашақ» қауымдастығы «Жастар» қоғамдық сыйлығымен, жылдың таңдаулы жастар ұйымы ретінде танылды.

2009 жылы «Әлеуметтік идеялар мен жобалар жәрмеңкесі» қоғамдық комиссиясының шешімі бойынша Қауымдастықтың жобалары Мәдениет министрлігінің мемәлеуметтапсырысы аясында ең табысты деп танылды және басқа ҰЕҰ қызметіне енгізу үшін ұсынылды.

2010 жылы Қауымдастық атқарушы директор Жанна Төлегеновадан Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығын ала отырып, азаматтық қоғамның дамуына қосқан өзінің қолдан келер үлесімен танылды.